

«Келісемін»
«ШҚО кәсіптік білім беру орталығы»
КММ директорының м.а.

Д. Кездиқбаева
« » _____ 2023 ж.



«Бекітемін»
ҚАБУ Жоғарғы
колледжінің директоры

М. Кикина
« » _____ 2023 ж.



**Шығыс Қазақстан облысы ТЖКБ жүйесі оқу орындары
«Дене тәрбиесі және спорт» мамандығы бойынша білім алушылар арасындағы
«Мен спортты таңдаймын!» педагогикалық шеберлік байқауының
ЕРЕЖЕСІ**

Өскемен қ., 2023 ж.

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

«Мен спортты таңдаймын!» педагогикалық шеберлік байқауы Шығыс Қазақстан облысы ТжКБ жүйесі оқу орындары «Дене тәрбиесі және спорт» мамандығы бойынша білім алушылар арасында өткізіледі (*бұдан әрі-Байқау*).

Осы Ереже Байқаудың мақсаты мен міндеттерін, ұйымдастыру және өткізу тәртібін, оны ұйымдастырушылық–әдістемелік қамтамасыз етуді, жеңімпаздарды анықтау, сондай-ақ марапаттау тәртібін айқындайды.

2. БАЙҚАУДЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

2.1 Байқаудың мақсаты - ТжКБ жүйесінің оқу орындарында «Дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша оқитын неғұрлым дайындалған және бәсекеге қабілетті талантты студенттерді анықтау және көтермелеу.

2.2 Байқаудың міндеттері:

- болашақ дене тәрбиесі оқытушыларының біліктілігін арттыруға жәрдемдесу;
- қатысушыларға оқу орнынан тыс ауқымда бәсекеге түсуге мүмкіндік беру;
- студенттердің бойында білімнің, дағдылардың, мінез-құлық үлгілерінің және жеке қасиеттердің динамикалық жиынтығын қалыптастыру, бұл түлектің еңбек нарығында бәсекеге қабілетті болуына және спорттағы көптеген салаларда табысты кәсіби іске асырылуына мүмкіндік береді.

3. БАЙҚАУ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛАРЫ

3.1 Ұйымдастырушылар: «ШҚО кәсіптік білім беру орталығы» КММ, ҚАЕУ Жоғарғы колледжі, педагогикалық бағыттағы облыстық әдістемелік бірлестігі.

3.2 Ұйымдастыру және өткізу жөніндегі басшылықты ұйымдастыру комитеті (бұдан әрі – Ұйымдастыру комитеті) жүзеге асырады, оның құрамына педагогикалық бағыттағы ОӘБ төрайымы, ҚАЕУ Жоғарғы колледжі директорының ӘжҒЖ жөніндегі орынбасары, арнайы пәндер оқытушылары кіреді (Қосымша 1). Ұйымдастыру комитеті Байқауды өткізу туралы Ережені әзірлейді, жалпы басшылықты, ағымдағы ұйымдастыру жұмысын жүзеге асырады.

4. БАЙҚАУДЫ ӨТКІЗУ МЕРЗІМІ МЕН ТӘРТІБІ

4.1 Байқауды өткізу күні және уақыты: **2023 жылғы 12 желтоқсан, сағат 9.00-ден 13.00-ге дейін.**

4.2 Өтетін орны: **Өскемен қ., Шәкәрім даңғылы, 160 (ҚАЕУ спорт залы).**

4.3 Байқауды өткізу форматы: **офлайн**

4.4 Байқау қатысушылары – **«Дене тәрбиесі және спорт» мамандығының 3-4 курс студенттері (6 қатысушыдан тұратын команда - 3 қыз, 3 ұл)**

4.5 Байқау бес кезеңде мемлекеттік және орыс тілдерінде өткізіледі:

1) бірінші кезең – бейнеролик арқылы команданың визиттік картасын көрсету (5 минутқа дейін);

2) екінші кезең - 7-8 сыныптардағы дене шынықтыру сабағынан (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 16 қыркүйектегі № 472 бұйрығына сәйкес) «Жеңіл атлетика», «Гимнастика», «Спорттық және ұлттық ойындар» бөлімдері бойынша ҚМЖ әзірлеу (30-40 минут);

- 3) үшінші кезең - әзірленген ҚМЖ бойынша сабақ өткізу (5.2-тармаққа сәйкес);
- 4) төртінші кезең - спорттық-бұқаралық іс-шараның элементі ретінде аэробты-би фрагментін әзірлеу және өткізу бойынша үй тапсырмасы (флешмоб өткізу);
- 5) бесінші кезең – берілген спорттық құрал-жабдықтарды пайдалана отырып, жарысқа қатысушылармен «Көңілді старттар» эстафетасын өткізу (эстафетаның 4 түрі): гимнастикалық таяқтар, баскетбол доптары, волейбол доптары, обруч, скакалқалар, конус фишкалары, теннис ракеткалары, теннис доптары, шарлар.

4.6 Байқауға қатысушылардың өтінімдері **2023 жылғы 5 желтоқсанға дейін college@ kafu.kz** электрондық поштаға қабылданады (*Қосымша 3*).

4.7 Өтінімді тіркеу туралы ақпаратты алу үшін телефон арқылы хабарласуға болады: 8-701-491-91-33 (Таскимбаева Роза Капановна), 8-777-991-07-15 (Толеуханов Канат Толеуханулы).

5. БЕЙНЕРОЛИК ЖАСАУҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

5.1 Команданың визит карточкасы алынған біліктілікке сәйкес музыкалық-әдеби жанрда ұсынылуы мүмкін, ұзақтығы – 5 минуттан аспауы қажет.

5.2 Бейнероликті монтаждау және түсіру кезінде арнайы бағдарламалар мен құралдарды пайдалану – команданың қалауы бойынша.

5.3 Бейнероликтердің мазмұны Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмеуге және жалпы этикалық нормаларға сай болуы тиіс.

6. БОЛАШАҚ ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ ОҚЫТУШЫНЫҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІ БОЙЫНША ТЕОРИЯЛЫҚ БІЛІМ ДЕНГЕЙІН БАҒАЛАУҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

6.1 «Дене шынықтыру және спорт туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі № 228-V Заңын білу (03.09.2023 ж. өзгерістері мен толықтыруларымен).

6.2 Қысқа мерзімді жоспарлауды нақты жасау (Қазақстан Республикасы білім және ғылым Министрінің 2021 жылғы 16 қыркүйектегі № 472 бұйрығына сәйкес).

6.3 Оқыту үшін дәл бағалау, сабақтың даму кезеңін және спорттық-бұқаралық іс-шараны анықтау үшін білім алушылар пайдаланатын деректердің интеграциясын іздеу.

6.4 Көпшілік алдында сөйлеу үшін сөйлеудің логикалық құрылымы, сабақты сауатты жүргізу іскерлігі.

7. «ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ» ПӘНІ БОЙЫНША ПРАКТИКАЛЫҚ ДАҒДЫЛАРДЫ БАҒАЛАУҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

7.1 Құрастырылған ҚМЖ (7-8 сыныптар) негізінде колледж студенттерімен дене шынықтыру сабағының дайындық және негізгі бөлімінің фрагментін өткізу дағдыларын көрсету.

7.2 Бұқаралық спорттық іс-шараның элементі ретінде аэробты би фрагментін (флешмоб) жүргізу дағдыларын көрсету.

7.3 Ұсынылған спорттық құрал-жабдықтарды пайдалана отырып, «Көңілді старттар» спорттық эстафетасын өткізу дағдыларын көрсету.

8. БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

8.1 Бейнематериалдардың мазмұндық сараптамасы келесі критерийлер бойынша он ұпайлық шкаламен жүргізіледі:

- визит карточкасы мазмұнының көрсетілген тақырыпқа сәйкестігі (команданың сыртқы келбеті визит карточкасының мазмұнына сәйкестігі);
- тақырыпты ашудың дәлелділігі мен тереңдігі, баяндаудың анықтығы;
- бейнероликтің креативтілігі (идеяның жаңалығы, өзіндік ерекшелігі, ойлау икемділігі);
- ақпараттылық.

8.2. Теориялық және практикалық білім бойынша техникалық сараптамалық бағалау келесі критерийлер бойынша он балдық шкала бойынша жүзеге асырылады:

- арнайы терминдер бойынша біліктілік деңгейі;
- сабақ жоспарын нақты жоспарлай білу;
- оқушылардың сабақтағы жұмысын жоспарлай білу;
- сабақты өткізуге қажетті құралдар-жабдықтарды таңдай білу;
- жаттығулардың қол жетімділігі;
- дене жаттығуларын өткізуге арналған ұйымдастырушылық және әдістемелік білімдері мен дағдылары.

9. БАЙҚАУ НӘТИЖЕЛЕРІ МЕН ЖЕҢІМПАЗДАРДЫ МАРАПАТТАУ

9.1 Байқау нәтижелерін қазылар алқасының мүшелері әр кезеңнің қорытындысы бойынша айқындайды.

9.2 Байқаудың жеңімпаздары мен жүлдегерлері I, II, III дәрежелі дипломдармен марапатталады.

Ұйымдастыру комитетінің құрамы

1. Таскимбаева Р.К. - ҚАЕУ Жоғарғы колледжі директорының ӘЖҒЖ жөніндегі орынбасары;
2. Төлеуханов К.Т. - ҚАЕУ Жоғарғы колледжінің арнайы пәндер оқытушысы;
3. Савельева Е.Ю. - ҚАЕУ Жоғарғы колледжінің арнайы пәндер оқытушысы.

Әділ қазылар алқасының құрамы

Әділ қазылар алқасының төрағасы – Борзенко Марина Анатольевна, «М. Шаяхметов атындағы № 23 орта мектебі» КММ директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары

Әділ қазылар алқасының мүшелері:

1. Шауменова Э.Т. – «ШҚО кәсіптік білім беру орталығы» КММ білім беру үрдісін әдістемелік сүйемелдеу бөлімінің басшысы;
2. Лысенко Е.И. – ШҚО ББ Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің «№ 15 орта мектебі» КММ дене шынықтыру пәні мұғалімі.
3. Чекатаев А.Б. – ШҚО ББ Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің «М. Шаяхметов атындағы № 23 орта мектебі» КММ дене шынықтыру пәні мұғалімі.
4. Черносвитова Оксана Владимировна – «Көлік және тіршілік қауіпсіздігі колледжі» МЕМ дене шынықтыру пәні оқытушысы;
5. Куматаева И.М. - ШҚО ББ Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің «№ 15 орта мектебі» КММ дене шынықтыру пәні мұғалімі.

ӨТІНІМ НЫСАНЫ

Команданың атауы, конкурсқа қатысушылардың аты-жөні (курс, WhatsApp байланыс телефоны)	
Оқыту тілі	
Оқу орнының атауы, мекен-жайы	
Басшының ТАӘ (лауазымы, WhatsApp байланыс телефоны)	

Әзірленген ҚМЖ бойынша сабақ өткізуге арналған ұсынымдар
5.3-тармаққа сәйкес - Үшінші кезең

Мақсаты: Құрастырылған ҚМЖ (7-8 сыныптар) негізінде колледж студенттерімен дене шынықтыру сабағының дайындық және негізгі бөлімінің фрагментін өткізу дағдыларын көрсету.

Уақыт шегі: 5 минут - алаңды дайындауға, білім алушыларды ұйымдастыруға, қазылар алқасының мүшелерінде ҚМЖ болуы (жабдықты тексеру-тестілеу жүргізу, оның жарамдылығына көз жеткізу; білім алушылар мен спорттық жабдықтарды қажетіне қарай орналастыру)

Қорғауға арналған уақыт шегі: сабақтың үзіндісін өткізуге: 15 минут.

Бұқаралық спорттық іс-шараның элементі ретінде аэробты би фрагментін (флешмоб) жүргізу дағдыларын көрсетуге арналған ұсыныстар

5.4-тармаққа сәйкес - Төртінші кезең

Мақсаты: бұқаралық спорттық іс-шараның элементі ретінде аэробты би фрагментін көрсету.

Уақыт шегі: 5 минут - алаңды дайындауға, қатысушылармен танысуға және оларды дайындауға, қазылар алқасының мүшелеріне құжаттама ұсынуға (жабдықты тексеру-тестілеуді жүргізу, оның жарамдылығына көз жеткізу; қатысушыларды және спорт құрал-жабдықтарын қажетіне қарай орналастыру)

Қорғауға арналған уақыт шегі: 5-7 минут.

Ұсынылған спорттық құрал-жабдықтарды пайдалана отырып, жарысқа қатысушылармен «Көңілді старттар» эстафетасын өткізуге (эстафетаның 4 түрі) арналған ұсынымдар

5.5-тармаққа сәйкес - Бесінші кезең

Мақсаты: Ұсынылған спорттық құрал-жабдықтарды пайдалана отырып, жарысқа қатысушылармен «Көңілді старттар» эстафетасын өткізу дағдыларын көрсету.

Уақыт шегі: 15 минут - алаңды әзірлеуге және дайындауға, танысуға, қазылар алқасының мүшелеріне құжаттаманы ұсынуға (жабдықты тексеру-тестілеуді жүргізу, оның жарамдылығына көз жеткізу; командалар мен спорттық құрал-жабдықтарды қажетіне қарай орналастыру)

Эстафетаны өткізуге арналған уақыт лимиті: 10 минут.